To previous data, 9 species of gastropod snails of the Family Lymnaeidae have been identified on the territory of the Naurzum Reserve (Kostanay region, Kazakhstan), 3 species have been collected in other areas of the Kostanay region. According to literature data, two more species are registered at different points in this region.

**References**

- 1 Bragina T.M., Bragin E.A., Tairbergenov Y., Sidorova T.V. et al. Nomination Dossier Saryarka – Steppe and Lakes of Northern Kazakhstan [Электронный ресурс]. – 2007. – 360 p. Access mode: <https://whc.unesco.org/uploads/nominations/1102rev.pdf>.
- 2 Брагина Т.М., Брагин Е.А. Важнейшие водно-болотные угодья Северного Казахстана (в пределах Костанайской и западной части Северо-Казахстанской областей). – М.: Русский университет (серия WWF, вып. 5), 2002. – 156 с.
- 3 Брагина Т.М. Наурзумская экологическая сеть (история изучения, современное состояние и долгосрочное сохранение биологического разнообразия региона представительства природного объекта Всемирного наследия ЮНЕСКО). – Костанай: Костанайполиграфия, 2009. – 200 с.
- 4 Казенас В.Л. Предварительная оценка таксономического состава фауны моллюсков Казахстана. – Вестник КазНУ. Серия экологическая. – 2012. – №1 (33). – С. 263-266.
- 5 Hubendick, B. Recent Lymnaeidae. Their variation, morphology, taxonomy, nomenclature and distribution // Kungliga Svenska Vetenskapsakademiens Handlingar. Fjärde Serien. – №3 (1). – 1951. – Р. 1–223.
- 6 Круглов Н.Д. Моллюски семейства прудовиков Европы и Северной Азии. – Смоленск: Изд-во СГПУ, 2005. – 508 с.
- 7 Андреева С.И., Андреев Н.И., Винарский М.В.. Определитель пресноводных брюхоногих моллюсков (Mollusca: Gastropoda) Западной Сибири. Ч. 1. Gastropoda: Pul monata // Семейства Acroloxidae и Lymnaeidae. – Омск, 2010. – Вып. 1. – 200 с.

- 8 Бутенко Ю.В. К фауне пресноводных моллюсков Южного и Юго-Восточного Казахстана // Труды Зоологического института АН СССР, 1967. – Т. 42. – С. 205-212.
- 9 Старобогатов Я.И., Прозорова Л.А., Богатов В.В., Саенко Е.М. Моллюски // Определитель пресноводных беспозвоночных России и сопредельных территорий. – СПб.: Наука. – №6. – С. 9-492.
- 10 Круглов Н.Д., Старобогатов Я.И. К морфологии европейских представителей подрода *Peregrina*. Зоологический журнал. – 1983. – №62 (10). – С. 1462-1473.
- 11 Prozorova L.A. Annotated list of Beringian freshwater mollusks // Бюллетень Дальневосточного малакологического общества. – 1998. – Т. 2. – С. 12-28.
- 12 Van Damme D. The freshwater Mollusca of Northern Africa: Distribution, biogeography and palaeoecology // Developments in Hydrobiology. – Dordrecht: Dr. W. Junk Publishers. – 1984. – №25. – Р. 1-163.
- 13 Ситникова Т.Я., Старобогатов Я.И., Широкая А.А., Шибанова И.В., Коробкова Н.В., Адов Ф.В. Брюхоногие моллюски (Gastropoda) // Аннотированный список фауны озера Байкал и его водосборного бассейна. – Новосибирск: Наука. – 2004. – №1 (2) – С. 937-1020.
- 14 Кантор Ю.И., Сысоев А.В. Каталог моллюсков России и сопредельных стран. – М.: Товарищество научных изданий КМК, 2005. – 627 с.

*Material received by the editorial office: 19.12.2019*

**БРАГИНА, Т.М.**

**НАУРЫЗЫМ ҚОРЫҒЫНЫҢ (ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ, ҚАЗАҚСТАН) ТОҒАН ҰЛУЛАРЫ  
(MOLLUSCA: GASTROPODA: LYMPNAEIDAE) ТУРАЛЫ КЕЙБІР ДЕРЕКТЕР**

Жұмыста Наурызым қорығының (Қостанай облысы, Қазақстан) *Lymnaeidae* өкпе тұқымдасының түрлері туралы кейбір мәліметтер көлтірлген. Қөптеген түрлер қорықтың су қоймаларынан тіркелген. 9 түр өз мәліметтері мен әдеби мәліметтер негізінде түрлердің таралуын сипаттаудың қамтитын аннотацияланған тізімге енгізілген. Малакологиялық топтама Өмірзақ Сұлтангазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің (Қостанай, Қазақстан) Экология және биология мәселелері гылыми-зерттеу орталығында орналасқан.

**Кілт сөздер:** малакофауна, гастраподтар, моллюскалар, *lymnaeidae*, аннотацияланған тізім, Наурызым қорығы, Қостанай облысы, Қазақстан.

**БРАГИНА, Т.М.**

**НЕКОТОРЫЕ ДАННЫЕ О ПРУДОВИКАХ (MOLLUSCA: GASTROPODA: LYMPNAEIDAE)  
НАУРЗУМСКОГО ЗАПОВЕДНИКА (КОСТАНАЙСКАЯ ОБЛАСТЬ, КАЗАХСТАН)**

В работе приведены некоторые данные о видах семейства *Lymnaeidae* Наурзумского заповедника (Костанайская область, Казахстан). Большинство видов зарегистрировано из водоемов заповедника. 9 видов включены в аннотированный список с описанием ареалов и распространения видов на основе собственных данных и литературных сведений. Малакологическая коллекция находится в Научно-исследовательском центре проблем экологии и биологии Костанайского государственного педагогического университета им. Умирзака Султангазина (Костанай, Казахстан).

**Ключевые слова:** малакофауна, брюхоногие, моллюски, прудовики, аннотированный список, Наурзумский заповедник, Костанайская область, Казахстан.

## ӘОЖ 612.6

**Суюндикова, Ж.Т.**

биология магистри,

жаратылыстану ғылымдары

кафедрасының ага оқытушысы

**Жанабергенова, А.Е.**

«6B01505 – Биология»

білім беру бағдарламасының 4 курс студенті,

Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ

Қостанай, Қазақстан

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ИНДЕКСТІК БАҒАСЫ

### Түйін

Бұл мақалада Қостанай қаласының №9 орта мектебінде жүргізілген зерттеудердің нәтижелері берілген. 7-10 жас аралығындағы 400 оқушы зерттелді. Балалардың физикалық дамуын бағалау үшін негізгі антропометриялық және кардиореспираторлық жүйесінің функционалдық көрсеткіштері анықталды. Дене құрамының жекелеген компоненттерінің айқындылығы және олардың арақатынасының үйлесімділігі туралы толық мәлімет антропометриялық және функционалдық индекстерді есептей кезінде алынды.

**Кітт сөздер:** физикалық даму, индекстер әдісі, морффункционалды ерекшеліктер, антропометриялық көрсеткіштер, оқушылар.

### 1 Кіріспе

Мәңгілік ел болашағы – білімді үрпақ, саналы жастар. Елбасы Жолдауында айтылғандай, «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты, бәсекеге қабіллетті азаматтар». Қазіргі таңда халықтың денсаулығы, әсіресе еліміздің келешегі – балалардың денсаулығы, басты назарда.

Балалардың физикалық дамуы – олардың жеке денсаулығын бағалаудың объективті критерийлерінің бірі болып табылады. Морффункционалды ерекшеліктерді ескермей, жиі іске асырылатын мектептегі жиынтық, жүктеме мен мектепте болу уақыты балаларды ақтала-маған күйзеліске ұшыратады. Балалардың морффункционалды көрсеткіштері эндогендердің факторлардың әсерін көрсетеді. Баланың ағзасында үздіксіз өсу және даму процесі жүреді, оның қалыпты күйінің бұзылуы – денсаулығында ауытқулар бар екенін білдіреді. Сондықтан, өскелең үрпақтың морффункционалды көрсеткіштері туралы ақпаратты дер кезінде алу қажет. Бастауыш сынып оқушыларының жасында ағзалар мен жүйелердің қарқынды морффункционалды қайта құрулар болады, бір жағынан, өсу процестері және тіндік дифференциациямен, екінші жағынан – ақыл-ой жүктемесінің артуы, психоэмоционалдық әсердің күшеюі сияқты факторлардың өсуімен байланысты болады. Физикалық дамуды бақылау – балалардың морффункционалды жай-күйінің ерекшеліктерін анықтауға, физикалық және биологиялық даму нормативтерін қайта қарауға, медициналық-әлеуметтік факторлар мен қоршаган орта факторларының өскелең үрпақтың денсаулығына әсерінің дәрежесі мен күшін белгілеуге мүмкіндік береді [1].

**Жұмыстың мақсаты:** Бастауыш сынып оқушыларының жасы мен жынысына сайнан физикалық дамуының индекстік бағасын беру.

### 2 Материалдар мен әдістер

Зерттеу Қостанай қаласындағы жалпы білім беретін №9 орта мектебінде өтті. Зерттелген оқушылар 7-10 жас аралығында, барлығы 400 адам (қыз балалар – 187, ер балалар – 213).

Жасына сай оқушылар келесідей бөлінді: 7 жастағы қыздар – 48, ұлдар – 57; 8 жастағы қыздар – 41, ұлдар – 48; 9 жастағы қыздар – 46, ұлдар – 57; 10 жастағы қыздар – 52, ұлдар – 51. Зерттеу күн тәулігінің бірінші жартысында, барлық биоэтикалық нормаға сай өткізілді.

Оқушылардың морфофункционалдық ерекшеліктерін анықтау үшін, стандартты (антропометриялық, физиометриялық (бұлшық ет күші, артериялық қан қысымы, өкпенің тіршілік сыйымдылығы және т.б.)) әдістер қолданылды [2]. Нәтижелері статистикалық Microsoft Excel 7.0. бағдарламасында өндөуден өтті.


### 3, 4 Нәтижелер мен талқылау

*Кетле индексі* арқылы адамның артық салмақ дәрежесін, салмақ жетіспеуін анықтайды. Зерттелген оқушылардың басым көпшілігінде дене массасы қалыпқа сай келді, яғни 7 жастағы қыз балалардың 60%, ал ер балалардың 80% құрады. Осы жас тобында қалыптан артық салмақ қыз балаларда 18% болса, ер балаларда 9% құрады. Салмақтың жетіспеушілігі қыз балалардың 22%-да, ал ер балалардың 11%-да анықталды.

Зерттелген 8 жастағы оқушылардың дене массасы қалыпқа сай келді, яғни қыз балалардың 75%, ал ер балалардың 55% құрады. Осы жас тобында қалыптан артық салмақ қыз балаларда 23%, ал ер балаларда бұндай белгілер байқалған жоқ. Салмақтың жетіспеушілігі қыз балалардың 2%-да, ал ер балалардың 45%-да анықталды.

Қалыпқа сай дене массасы 9 жастағы қыз балалардың 84%, ал ер балалардың 67% кездесті. Осы жас тобында қалыптан артық салмақ ер балалардың 3%-да, ал қыз балалардың 16% анықталды. Салмақтың жетіспеушілігі ер балалардың 30%-да, ал қыз балаларда мұндай белгілер байқалған жоқ.

Зерттелген 10 жастағы оқушылардың дене массасы қалыпқа сай келді, яғни қыз балалардың 55%-да, ал ер балалардың 45%-да анықталды. Осы жас тобында қалыптан артық салмақтың болуы қыз балалардың 31%-да, ал ер балалардың 10%-да байқалды. Салмақтың жетіспеушілігі ер балалардың 45%-да кездессе, ал қыз балалардың 14%-да анықталды (Сурет 1).



Сурет 1 – Оқушылардың дене массасының Кетле индексі бойынша жіктелуі

Қорыта келе, Кетле индексі бойынша, барлық жастық топтардың арасында дене массасы қалыпқа сай (55-68%) келді. Әр жас тобында ер балаларда салмақтың жетіспеушілігі, қыз балаларда салмақтың қалыптан артық болуы анықталды.


*Пинье индексі* – дене бітімінің дамуын анықтайтын көрсеткіш. 7 жастағы қыз балалардың 71%-да, ер балалардың 84%-да нормостеникалық дене бітімі анықталды. Осы жас то-

бындағы ер балалардың 15%-да, ал қыз балалардың 11%-да астеникалық дene бітімі байқалды. Гиперстеникалық дene бітімінің болуы қыз балалардың 18%-да, ал ер балалардың тек 1%-да анықталды.

Нормостеникалық дene бітімі зерттелген 8 жастағы қыз балалардың 81%-да, ер балалардың 70%-да кездесті. Осы жас тобында дene бітімінің астеникалық белгілері қыз балалардың 2%-да, ер балалардың 12%-да анықталды. Гиперстеникалық дene бітімінің болуы қыз балалардың 17%-да, ал ер балалардың 18%-да байқалды.

9 жастағы қыз балалардың 72%-да, ер балалардың 60%-да дene бітімі нормостеникалық деп анықталды. Осы жас тобындағы ер балалардың 37%-да астеникалық дene бітімі байқалды. Гиперстеникалық дene бітімінің болуы қыз балалардың 28%, ал ер балалардың 3% анықталды.

Зерттелген 10 жастағы қыз балалардың 52%-да, ер балалардың 45%-да нормостениялық дene бітімі анықталды. Осы жас тобындағы астениктердің болуы қыз балалардың 45%-н, ер балалардың 48%-н құрады. Гиперстеникалық белгілер – ер балалардың 10%-да анықталды, ал қыз балаларда мұндай белгілер байқалған жоқ (Сурет 2).



Сурет 2 – Оқушылардың Пинье индексі бойынша жіктелуі

Қорыта келе, Пинье индексі бойынша, барлық жас топтарының басым бөлігінде дene бітімі – нормостениялық (70-75%) деп анықталды. Дене бітімінің астеникалық белгілері – 7 жастағы қыз балаларда (18%) осы жастағы ер балаларда (17%), 8 жастағы ер балаларда (12%) және қыз балаларда (2%), 9 жастағы ер балаларда (37%), 10 жастағы ер балаларда (45%) және осы жастағы қыз балаларда (48%) анықталды. Гиперстеникалық белгілер 7 жастағы қыз балалардың 18%-да, ер балалардың 1%-да, 8 жастағы қыз балалардың 17%-да, ер балалардың 18%-да, 9 жастағы қыз балалардың 28%-да және осы жастағы ер балалардың 3%-да, 10 жастағы ер балалардың 10%-да кездеседі.

*Эрисман индексі* – кеуде қуысының үйлесімді дамуын бағалайтын көрсеткіш. Зерттелген 7 жастағы қыз балалардың 81%-да, ал ер балалардың 89%-да кеуде қуысының пропорционалды дамуы анықталды. Осы жас тобындағы қыз балалардың 19%, ер балалардың 11% кеуде қуысының пропорционалды емес дамуын көрсетті.

Кеуде қуысының пропорционалды дамуы 8 жастағы қыз балалардың 86%, ер балалардың 89% тән болды. Бұл жас тобындағы қыз балалардың 14%-да, ал ер балалардың 11%-да кеуде қуысының пропорционалды емес дамуы анықталды.

Зерттелген 9 жастағы қыз балалардың 85%, ер балалардың 88% кеуде қуысының пропорционалды дамуы сай келді. Кеуде қуысының пропорционалды емес дамуы, осы жас тобындағы қыз балалардың 15%, ер балалардың 12% құрады.

Кеуде қуысының пропорционалды дамуы 10 жастағы қыз балалардың 62%-да, ер балалардың 80%-да анықталды. Бұл жас тобындағы қыз балалардың 38%-да, ер балалардың 20%-да кеуде қуысының пропорционалды емес дамуы байқалды.


Қорыта келе, зерттелген барлық жастық топтарда кеуде қуысының пропорционалды дамуы (78-82%) анықталды. Кеуде қуысының пропорционалды емес дамуының белгілері – 7 жастағы қыз (19%) бен ер балаларда (11%), 8 жастағы ұлдарда (11%) және қыздарда (14%), 9 жастағы қыз балаларда (15%) және ер балаларда (12%), 10 жастағы қыз балаларда (38%) және осы жастағы ер балаларда (20%) байқалды.

*Мануврие индексі* – оқушылардың аяқтың ұзын, не қысқа екенін анықтайдын көрсеткіш. Аяқтың ұзындығы баланың дene ұзындығына, жасына сай өзгеріп отырады [3]. Аяқтың денесінен қысқа болуы 7 жастағы қыз балалардың 78%-да, ер балалардың 72% құрды. Аяқтың денесінен ұзын болуы, осы жас тобындағы қыз балалардың 10%-да, ер балалардың 12%-да анықталды. Бұл жас тобындағы қыз балалардың 12%-да, ер балалардың 16%-да дene мен аяқ ұзындығы тең болды.

Зерттелген 8 жастағы қыз балаларда аяқтың қысқа болуы – 20%-ды, ер балаларда 15%-ды құрды. Бұл жас тобындағы қыз балалардың 51%-да, ер балалардың 52%-да аяқтың денесінен ұзын болуы анықталды. Дене және аяқ ұзындығының тең болып келуі зерттелген жас тобындағы қыз балалардың 29%-да, ал ер балалардың 31%-да байқалды.

Аяқтың денесінен қысқа болуы 9 жастағы қыз балалардың 50%, ер балалардың 45% тән болды. Осы жас тобындағы қыз балалардың 4%-да, ер балалардың 25%-да аяқтың денесінен ұзын болуы байқалды. Дене және аяқ ұзындығының тең болуы осы жас тобындағы қыз балалардың 46%-ын, ер балалардың 30%-ын құрады.

Осы көрсеткіш бойынша, 10 жастағы қыз балалардың 12%-да, ер балалардың 45%-да аяқтары денесінен қысқа екені анықталды. Зерттелген қыз балалардың 73%-да, ер балалардың 16%-да аяқтары денесінен ұзын болды. Дене мен аяқ ұзындығы тең болуы бұл жас тобындағы қыз балалардың 15%-на, ер балалардың 39%-на тән болды (Сурет 3).



Сурет 3 – Оқушылардың Мануврие индексі бойынша жіктелуі

Қорыта келе, Мануврие индексі бойынша, барлық жастық топтардың басым көпшілігінде аяқтың денеден қысқа болуы, яғни 7 жастағы қыз (78%) бен ер балаларда (72%), 9 жастағы қыз (50%) бен ер балаларда (45%) және 10 жастағы ер балаларда (45%) анықталды.

Аяқтың денесінен ұзын болу белгілері 8 жастағы қыздар (51%) мен ер балаларда (54%) және 10 жастағы қыз балаларда (73%) байқалды.

*Робинсон индексі* – жүрек-қантамыр жүйесінің жұмысын бағалайды. Осы көрсеткіш бойынша, 7 жастағы қыз балалардың 79%-да, ер балалардың 93%-да қанайналым жүйесінің жұмысы қанағаттанарлық болды. Осы жас тобындағы қыз балалардың 21%-да, ал ер балалардың 7%-да қанайналым жүйесінің жұмысы жақсы көрсеткіш көрсетті.

Зерттелген 8 жастағы қыз балалардың 93%-да, ер балалардың 79%-да қанайналым жүйесінің жұмысы қанағаттанарлық болды. Қанайналым жүйесінің жұмысы жақсы болуы осы жас тобындағы қыз балалардың 7%-ын, ер балалардың 21%-ын құрады.

Қанайналым жүйесінің жұмысы қанағаттанарлық болуы 9 жастағы қыздардың 85%-ын, ал ер балалардың 89%-ын құрды. Осы жас тобындағы қыздардың 15%-да, ұл балалардың 11%-да қанайналым жүйесінің жұмысы жақсы екені анықталды.

Зерттелген 10 жастағы қыз балалардың 75%-да, ал ер балалардың 90%-да орташадан төмен, яғни қанағаттанарлық және осы жастағы қыздардың 25%-да, ал ер балалардың 10%-да қанайналым жүйесінің жұмысы жақсы нәтиже көрсетті.

Қорыта келе, барлық жастық топтардың арасында, қанайналым жүйесінің жұмысы қанағаттанарлық (80-90%) дег анықталды.

*Өмірлік индексі* – өкпенің тіршілік сыйымдылығын (мл) дene салмағына бөлу арқылы анықталады [3]. Өмірлік индексінің орташа топтық көрсеткіші – 7 жастағы қыз балаларда  $78,71 \pm 2,43$  мл/кг, ал ер балаларда  $49,32 \pm 0,66$  мл/кг болды. Зерттелген 8 жастағы қыз балалардың орташа топтық мәні –  $48,17 \pm 0,48$  болса, ер балаларда  $50,92 \pm 0,74$  мл/кг құрды. 9 жастағы қыз балаларда орташа топтық көрсеткіші  $56,72 \pm 0,86$  мл/кг, ал ер балаларда  $54,20 \pm 0,64$  мл/кг анықталды. Зерттелген 10 жастағы қыз балаларда орташа топтық көрсеткіш  $54,89 \pm 0,45$  мл/кг болса, ер балаларда  $54,04 \pm 0,68$  мл/кг екені анықталды.

Өмірлік индексінің қалыпты жағдайдағы көрсеткіші – қыз балаларда 45-50 мл/кг, ер балаларда 50-60 мл/кг. Көрсеткіштің қалыпты жағдайдағы нормадан төмен болуы – өкпенің тіршілік сыйымдылығының жеткіліксіздігін көрсетеді. Дегенмен, зерттелген жастық топтардың көрсеткіштері нормаға сай келеді.

Қорыта келе, барлық жастық топтар арасында тыныс алу жүйесінің қалыпты дамуы – 80%-да, ал тыныс алу жүйесінің нашар дамуы 7 жастағы ер балалар мен 8 жастағы қыз балалардың 20%-да анықталды, бұл өкпенің тіршілік сыйымдылығының жеткіліксіздігін немесе дene салмағының артық екенін көрсетеді.

Өмірлік индексіне байланысты 7-9 жастағы жыныстық топтар арасында орташа топтық мәндерінің сенімділік айырмашылықтары ( $p \leq 0.001$ ) анықталды. 7-8 жастағы қыз балалар арасында сенімділік айырмашылықтар ( $p \leq 0.001$ ) бар.

*Оқушылардың динамометриялық индексі* – бұлшық ет жүйесінің функционалдық жағдайын қол бұлшық еті күшінің көрсеткіштерімен анықтайты. Қол бұлшық еті күшінің көрсеткіштері – нейромоторлы функциялардың даму дәрежесі мен дeneнің статикалық көрсеткішін көрсетеді. Динамометриялық индексін орташа топтық мәні 7 жастағы қыз балаларда  $40,49 \pm 0,77$  кг, ер балаларда  $44,90 \pm 0,70$  кг анықталды. Зерттелген 8 жастағы қыз балалардың орташа топтық көрсеткіші  $40,83 \pm 0,48$  кг, ал ер балаларда  $41,84 \pm 0,40$  болды. 9 жастағы қыз балаларда динамометриялық индексін орташа топтық мәні  $40,97 \pm 0,39$  кг, ал ер балаларда  $45,77 \pm 0,36$  кг анықталды. 10 жастағы қыз балалардың орташа топтық көрсеткіші  $41,56 \pm 0,38$  кг құрады, ал ер балалардың  $48,64 \pm 0,53$  кг болды.

Қорыта келе, зерттелген жастық топтарда динамометриялық индексін, яғни бұлшық ет жүйесінің функционалдық жағдайы нормаға сай келеді.

## 5 Қорытынды

Бастауыш сынып оқушыларының морфофункционалды ерекшеліктерін талдай отырып мынандай қорытынды жасауға болады:

1. Кетле индексі бойынша, барлық жастық топтардың арасында дene массасы қалыпқа сай (55-68%) болды. Жыныстық топтар арасында ер балалардың салмақтың жетіспеушілігі, қыз балаларда салмақтың қалыптан артық болуы айқын анықталды.

2. Пинье индексі бойынша, барлық жас топтарының басым бөлігінде дene бітімі – нормостеникалық (70-75%) болып анықталды. Эр жастағы жыныстық топтарында ер балаларда астеникалық, қыз балаларда гиперстеникалық дene бітімі жиі кездесті.

3. Эрисман индексі бойынша, зерттелген барлық жастық топтарда кеуде қуысының басым көшілігінде пропорционалды дамуы (78-82%) анықталды.

4. Мануврие индексі бойынша, барлық жастық топтардың басым көшілігінде аяқтың денеден қысқа болуы, яғни 7 жастағы қыз (78%) бен ер балаларда (72%), 9 жастағы қыз (50%) бен ер балаларда (45%) және 10 жастағы ер балаларда (45%) анықталды. Аяқтың денесінен ұзын болу белгілері – 8 жастағы қыздар (51%) мен ер балаларда (54%) және 10 жастағы қыз балаларда (73%) байқалды.

5. Робинсон индексі бойынша, барлық жастық топтардың арасында, қанайналым жүйесінің жұмысы қанағаттанарлық (75-80%) деп анықталды.

6. Өмірлік индексі бойынша, барлық жастық топтар арасында тыныс алу жүйесінің қалыпты дамуы – 68-80%, ал тыныс алу жүйесінің нашар дамуы 7 жастағы ер балалар мен 8 жастағы қыз балалардың 18-20% анықталды, бұл өкпенің тіршілік сыйымдылығының жеткіліксіздігін немесе дene салмағының артық екенін көрсетеді.

7. Зерттелген жастық топтарда динамометриялық индекстің, яғни бұлышыкет жүйесінің функционалдық жағдайы нормаға сай келеді.

### **Әдебиеттер тізімі**

1 Хорошева Т.А., Бурханов А.И. Морфофункциональные особенности развития организма учащихся начальных классов // Гигиена и санитария. – 2006. – №4. – С. 45-46.

2 Абрамова Т.Ф., Кочеткова Н.И., Никитина Т.М., Секамова Г.А. Физическое развитие у детей школьного и дошкольного возраста // Школа здоровья. – 1996. – №4. – С. 103-104.

3 Панасюк Т.В. Формирование соматотипа и его связь с ростом организма человека в период первого детства // Морфология. – 2000. – №5. – С. 64-67.

*Материал редакцияға тусти: 05.12.2019*

**СҮҮНДИКОВА, Ж.Т., ЖАНАБЕРГЕНОВА, А.Е.**

### **ИНДЕКСНАЯ ОЦЕНКА ФИЗИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ**

*В данной статье представлены результаты исследований, проведенных в средней школе №9 г. Костаная. Обследованы школьники в возрасте 7-10 лет в количестве 400 учащихся. Для оценки физического развития детей были определены основные антропометрические и функциональные показатели кардиореспираторной системы учащихся начальных классов. Для более полного сведения о выраженности отдельных компонентов состава тела и гармоничности их соотношения были использованы расчеты количественных антропометрических и функциональных индексов.*

**Ключевые слова:** физическое развитие, метод индексов, морфофункциональные особенности, антропометрические показатели, школьники.

**SUYUNDIKOVA, ZH.T., ZHANABERGENOVA, A.E.**

### **INDEX ASSESSMENT OF PHYSICAL DEVELOPMENT OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS**

*This article presents the results of research conducted at secondary school No. 9 in Kostanay. Students aged 7-10 years in the number of 400 students were examined. To assess the physical development of children, the main anthropometric and functional indicators of the cardiorespiratory system of primary school students were determined. For more complete information about the severity of the individual components of the body composition and the harmony of their ratio, we used calculations of quantitative anthropometric and functional indices.*

**Key words:** physical development, method of indexes, morphological and functional characteristics, anthropometric indices, school.

UDC 612.6

**Suyundikova, Zh.T.**

*master of biology, senior lecturer of the department of natural sciences,  
KSPU named after U. Sultangazin,  
Kostanay, Kazakhstan*

## PHYSICAL DEVELOPMENT OF YOUTH IN KOSTANAY CITY

### *Abstract*

*The article presents the results of a physical development study among adolescents, where the assessment of physical development was carried out using standard methods. According to the results of research, the majority of boys and girls have a normal weight, harmonious development of the body, poor development of the muscular system, satisfactory operation of the circulatory system. According to the results of the kerdo vegetative index, half of the adolescents showed a balance of sympathetic and parasympathetic effects.*

**Key words:** adolescent, physical development, health, morphofunctional features, anthropometric indicators.

### **1 Introduction**

Preserving the health of the younger generation is an important strategic goal of the state, as the health of the adult population of the country has been laid since childhood. All perspectives on social and economic development of the state, high standard of living of the population, high level of science development and culture are the result of today's child health. Negative changes in the health of children and adolescents in recent years have brought significant social and economic losses to the state [1].

The physical development of children is a unique indicator of public health. And the norms of physical development are an important element in monitoring the health of children and adolescents [2].

The nation's health is formed and maintained through the provision of medical services, physical education, a healthy lifestyle and proper nutrition, elimination of bad habits and the creation of a surrounding that is environmentally friendly [3].

Objective: to identify the morphological and functional characteristics of adolescents.

### **2 Materials and methods**

The subject of the study was Kostanay students ( $n = 158$ ), adolescents aged 12 to 15 years, with 55 girls and 45 boys. The study was conducted in the morning, using several methods for determining the level of students' physical development: anthropometric, index methods (Quetelet, Manuvrier, Vervaeke-Vorontsov, Erismann, Robinson, Kerdo, dynamometry, life indicators), physiometry, cardiometry. Korotkov's method has also been used [4]. All studies were conducted in accordance with bioethical standards.

Statistical analysis of the results was performed using Microsoft Office Excel 2007.

### **3, 4 Results and discussion**

During the study, anthropometric and functional indicators of 158 students (78 boys and 80 girls) were measured and determined.


The results of this study were used to determine the level of students' development. Average indicators of physical development of adolescents are presented in table 1.

Table 1 – Average indicators of physical development of adolescents

Indeces	Boys	Girls
	M±m	M±m
Vervaeke	0,88±0,01	0,89±0,02
Quetelet	20,12±0,4	20,43±0,4
Manuvrier	92,21±0,87	88,05±0,88*
Erisman	48,31±0,54	50,84±0,46
Dynamometry	0,56±0,02	0,40±0,01
Robinson	94,10±4,9	94,46±1,5
Kerdo vegetative index	10,19±1,69	15,79±1,34*
Systolic blood volume, ml	65,52±1,42	64,13±0,84
Minute volume of blood circulation, ml	5255,34±124,25	5417,98±86,4


\*p≤0,05

Quetelet index is one of the most important indicators in determining physical health. As a result of calculating the Quetelet index, the most of teenage boys had normal rates. However, 21% were underweight, and 6% were Overweight. While 57% of girls had normal weight, 33% were underweight, and 8% were overweight. In addition, some students experienced weight gain (Picture 1).




Picture 1 – Boys and girls performance by Quetelet index

As a result of the Vervaeke-Vorontsov index, the majority of teenage students found a mesomorphic body constitution, which indicates a combination of body proportions. At the same time, moderate brachymorphism was observed in 20% of girls, which is higher than in boys. Explicit brachymorphism was found in both boys and girls (Picture 2).




*Picture 2 – Boys and girls performance by Vervaeke-Vorontsov index*

According to the Manuvrier index, most boys have long legs while, 37.5% of girls reported having long legs. And proportional development was observed in most girls than in boys. The percentage of shorter legs are also higher in girls than in boys (Picture 3).




*Picture 3 – Boys and girls performance by Manuvrier index*

The functional state of the muscle system is identified by indicators of dynamometer. Indicators of muscle strength in the hand show the degree of development of neuromotor functions and a static body index. As a result of this index, it was found that in most boys and girls their wrist muscles are poorly developed. Only in 5% of girls and 4% of boys observed proper development of hand muscles according to their age. At the same time, 43% of girls and 22% of boys had satisfactory hand strength (Picture 4).




Picture 4 – Boys and girls performance by dynamometer

Erisman index results in 12.50% of girls and 9% of boys showed good breast development. Poor chest development was found in more than half of boys and girls, in particular in 70% of boys and 46.25% of girls. The remaining 21% of boys and 41.25% of girls showed normal chest development (Picture 5).




Picture 5 – Boys and girls performance by Erisman Index

The Robinson Index, which measures the performance of the cardiovascular system, is the next key factor in determining physical health. According to the average group indicators, the functionality of the circulatory system was found to be satisfactory in both groups. In the vast majority of the two research groups, the circulatory system was below average. According to the Robinson Index, 20.80% of boys and 23% of girls had normal systolic blood pressure. Low blood pressure was found in 9% of boys and 6% of girls, as well as below average systolic blood pressure in 40.30% of boys and 48.5% of girls (Picture 6).



Picture 6 – Boys and girls performance by Robinson Index

As a result of the Kerdo vegetative index, sympathetic and parasympathetic effects were balanced in most teenage boys and girls, in particular in 50% of girls and 52% of boys. Clear sympatheticotonia was observed in 12% of girls and 6.3% of boys. Sympathicotonic symptoms were found in 34.2% of boys and 37% of girls, while parasympathetic symptoms were found in 6.3% of boys and 1% of girls (Picture 7).



Picture 7 – Boys and girls performance by Kerdo vegetative index

## 5 Conclusions

Based on the obtained results, the following conclusions can be made:

1. According to the Quetelet index, which is determined by weight and height, most boys and girls had normal body weight. Body mass deficiency was found in 21% of boys and 33% of girls. As a result of the Vervaeke index, 72% of boys and 65% of girls were found to have compatible physical development. 20% of girls and 17% of boys showed growth retardation.

2. According to the Manuvrier index, proportional development was found in 33% of girls and 17% of boys. Elongated limbs relative to the body was found in 72% of boys and 38% of girls.

3. The development of the muscular system was determined by strength indicators. As a result of this index, most students have poorly developed hands. Only 5% of girls and 4% of boys had hand development according to their weight.

4. The vast majority of the circulatory system, according to the average group indicators of the two studied groups, corresponds to a satisfactory level. According to the results of the Kerdo vegetative index, an equal half of students found a balance of sympathetic and parasympathetic effects.

In conclusion, after defining the students' anthropometric parameters and analyzing all indicators, most adolescents found normal mass, harmonious development of the body, poor development of the muscle system, and satisfactory functioning of the circulatory system.

## References

- 1 Дүйсембин Қ., Алиакбарова З. Жасқа сай физиология және мектеп гигиенасы – Алматы: 2003. – 400 б.
- 2 Шибкова Д.З., Байгужин П.А., Семенова М.В., Шибков А.А. Морфофункциональные и психофизиологические особенности адаптации школьников к учебной деятельности. – Челябинск: изд-во Южно-Урал. гос. гуманитарно-пед. ун-та, 2016. – 380 с.
- 3 Адаптация организма подростков к учебной нагрузке / Под ред. Д.В.Колесова. – М.: Педагогика, 1987. – 152 с.
- 4 Олонцева Г.Н. Комплексная диагностика физического развития ребенка: учебное пособие. – Иркутск: Изд-во Иркут. гос. пед. ун-та, 2007. – 152 с.

*Material received by the editorial office: 09.12.2019*

**СУЮНДИКОВА, Ж.Т.**

**ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫНЫң ЖАСӨСПІРІМДЕРІНІң ФИЗИКАЛЫҚ ДАМУЫ**

Мақалада Қостанай қаласы жасаспірімдерінің физикалық дамуын зерттеу нәтижелері берілген. Дене дамуын бағалау стандартты әдістемелердің көмегімен жүргізілді. Зерттеу нәтижелері бойынша үлдар мен қыздардың көшілігіндегі қалыпты масса, дененің үйлесімді дамуы, бұлшық ет жүйесінің әлсіз дамуы, қан айналымы жүйесінің қанагаттанарлық жұмысы анықталған. Кердо вегетативтік индексінің нәтижелері бойынша жасаспірімдердің жартысынан көбі симпатикалық және парасимпатикалық асерлердің терең-тәндігі анықталды.

**Кітт сөздер:** жасаспірім, физикалық даму, денсаулық, морфофункционалдық ерекшеліктер, антропометриялық көрсеткіштер.

**СУЮНДИКОВА, Ж.Т.**

**ФИЗИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ПОДРОСТКОВ ГОРОДА КОСТАНАЯ**

В статье представлены результаты исследования физического развития подростков города Костаная. Оценка физического развития проводилась с помощью стандартных методик. По результатам исследований у большинства мальчиков и девочек установлена нормальная масса, гармоничное развитие тела, слабое развитие мышечной системы, удовлетворительная работа системы кровообращения. По результатам вегетативного индекса Кердоу половины подростков выявлено равновесие симпатических и парасимпатических эффектов.

**Ключевые слова:** подросток, физическое развитие, здоровье, морфофункциональные особенности, антропометрические показатели.

## ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫ МЕТОДИКА И ТЕХНОЛОГИЯ ПРЕПОДАВАНИЯ ДИСЦИПЛИН

ӘОЖ 004.89

**Ерсултанова, З.С.**

техникалық ғылымдар кандидаты,  
ИР және ҚТ кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры

**Байбосынова, А.Б.**

«6B01503 – Информатика» білім беру  
бағдарламасының 4 курс студенті,  
Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ,  
Қостанай, Қазақстан

### БІЛІМ БЕРУДЕ ҚОЛДАНУҒА АРНАЛҒАН МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАНЫ ӘЗІРЛЕУ

#### **Түйін**

Мақаланың мақсаты заманауи мобиЛЬді технологиялардың білім беру салаларына қарқынды түрде еніп жатқаны және мобиЛЬді қосымшаларды қолдану айтарлықтай тиімді екенін түсіндіру. Сонымен қатар, білім беруде қолданылатын мобиЛЬдік қосымшаларды әзірлеуге арналған компьютерлік бағдарламаны қолдану әдісінің негізін көрсету.

**Кілт сөздер:** электронды құрылғы, ұялы телефон, Android, экран, блоктар, интернет.

#### **1 Кіріспе**

Елімізде білім беруді цифрландыру үрдісіне орай білім беруде мобиЛЬді электронды құрылғыны қолануға көп көңіл бөлінуде. Қазіргі таңда ұялы телефондар мен планшеттерді өндіруші компаниялардың басым бөлігі Android операциялық жүйесіне арнап өндіретіндігі, тұтыну бағасы қолжетімді және тұтынушыларға пайдалану қолайлы екендігі анықталды.

Android операциялық жүйесіне мобиЛЬдік қосымша әзірлеу, қарқынды дамып келе жатқан бағыттардың бірі болып табылады. Android операциялық жүйесі көптеген смартфондарда орнатылған, ондай смартфондарға: Samsung, iPhone, Sony, LG, Lenovo және т.б. жатады. Қазіргі заманда өзекті мәселелердің бірі – интернет-бағдарламалардың жылдам дамуы. Соған байланысты интернет екпінді көтеріле бастады және пайдаланушылардың сұранысы бойынша, бағдарламалар тұрақты жаңартылып отырады. Платформалардың арасында жетекші орындарды Android және iOS платформалары алады [1]. Дербес мобиЛЬді электронды құрылғылар (смартфондар, дербес қалта компьютерлері, планшеттер) қазіргі замандағы әлемнің ажырамас бөлігі болып табылады. МобиЛЬді құрылғылардың әрбір пайдаланушысы тілдесу үшін және бизнес жүргізу үшін аса күшті құралға қол жеткізді. Көптеген компаниялар мобиЛЬді құрылғыларды өз тауарлары мен өнімдерін жарнамалау және сату үшін, сондай-ақ өз қызметкерлерімен тұрақты байланысты қолдана отыру үшін пайдаланады. Барлық осындай функциялар – мобиЛЬді құрылғылар үшін арнайы жасалатын әр түрлі программалық қамтамасыз етудің (қосымшалардың) көмегімен жүзеге асырылады. Ал білім беру саласында мобиЛЬді құрылғылар жаңа заманға сай даму үстінде. Осыған байланысты білім беруде әртүрлі пәндерге арналған оқыту құралдарын мобиЛЬдік құрылғыларға енгізу көзделеп отыр.

#### **2 Материалдар мен әдістер**

MIT App өнертапқышы – бұл Android ОЖ платформасы үшін бұлтқа негізделген визуалды қосымшаны құру ортасы, оның жұмысына Java бағдарламалау тілі мен Android SDK, алгоритмдеудің қарапайым принциптерін білу қажет емес. MIT App Inventor-де жұмыс істеу үшін сізде Google аккаунт немесе Google Apps есептік жазбасы болуы керек, ал бағдарлама-


ларды құру бағдарламалық кодтың блоктарын қолдана отырып визуалды режимде жүзеге асырылады [2].

MIT App Inventor ортасында жаңадан жасалған бағдарлама – жаңа жоба (Жобалар мәзірі – Жаңа жобаны іске қосу). «Жобаны жою» басу арқылы жасалған жоба жойылады. «Жобалар / Менің жобаларым» сілтемесін басып, даму терезесіндегі жобалар тізіміне өтесіз.

MIT App Mobile қолданбасының өнертапқышы <http://ai2.appinventor.mit.edu/> 2 сатысында орындалады.

Жұмыс алгоритмі: 1. Google есептік жазбасын, ен жақсы Google Apps нұсқасын жасаңыз немесе бұрын жасалғанын қолданыңыз.

2. MIT App Inventor визуальды программалау ортасын <http://ai2.appinventor.mit.edu/> сайтынан енгізіңіз.»Рұқсат етуді» таңдаңыз (Сурет1).



*Сурет 1 – Аккаунтты таңдап, сайтқа кіру терезесінен көрініс*

«Кызмет көрсету шарттары» терезесінде қызметтің шарттарын қабылдаймыз. Бірінші кезең – «Қалай көрінеді» пайдаланущы интерфейсін жобалау, екіншісі «Өздері қалай әрекет етеді» қосымшасының компоненттерін бағдарламалау.

Бұл екі процесс жеке терезелерде жүзеге асырылады, өйткені MIT App Inventor-де екі түрлі «Дизайнер» және «Блоктар» жұмыс режимдері бар.


«Дизайнер» режимі – қолданба интерфейсі жасалатын режим («сыртқы көрінісі»). Бұл режим қолданбаны іске қосу кезінде құрылғының экранында көрсетілетін әр түрлі бағдарлама компоненттерін таңдау және орналастыру үшін қолданылады: түймелер, мәтін өрістер, суреттер және т.б.

Palette аумағында жоба интерфейсін құрастыруға арналған негізгі элементтер жинақталған. Құрамдас бөліктер, мысалы, түймелер, суреттер, мәтіндер, мәтінді енгізу өрістері, Android құрылғысының әр түрлі сенсорларына қосылу үшін интерфейстер – акселерометр, GPS, деректер қорлары және т.б. сияқты функционалды элементтер деп аталады. Кейбір құрамдас бөліктер графикалық дизайнның бөлігі болып табылады, мысалы, түймелер, ал кейбіреулері құрылғының экранында көрінбейді, мысалы, таймер, сенсор немесе бейне ойнатқыш. Көрініс – сіздің қолданбаңыздың экраны. Отініште әртүрлі әрекеттер орындалатын бірнеше экранды пайдалануға болады. Мысалы, бірінші экранда бағдарламаға арналған нұсқаулар бар және екінші экранда бағдарламаның өзі оның функционалды бөлігі болып табылады.

Құрамдас бөліктерді атаған кезде, «Компонент атауы» = «Құрамдас атауы» + «Әрекет / Функция» қосымшасында қолдануға кеңес беріледі: Артқа батырмасы, Келесі түйме, сурет артқы фонды және т.б. Бұл компонентті атау, олар үшін әрекеттерді немесе оқиғаларды бағдарламалау кезінде оңай шарлауға мүмкіндік береді [3].

Сипаттар – экранның осы бөлігінде қолданбаңыздың компоненттерінің сипаттары орнатылады, мысалы: тұс, қаріп өлшемі, сурет және дыбыс көздері, тақырыптар, бастапқы мән және басқалар. Медиа – қолданылған медиа файлдардың тізімі (суреттер, бейне, аудио

және т.б.). Үлкен графикалық және дыбыстық файлдарды қолданбаларға салу оларды жүктеп қана қоймай, сонымен қатар ұзақ уақыт бойы мобиЛЬДІ құрылғы жадысында сақтауға мүмкіндік береді (Сурет 2).



Сурет 2 – МобиЛЬДІ қосымша жасау бағдарламасының жұмыс алаңы

«Блоктар» режимі сіздің қолданбаңыздың және оның компоненттерінің әрекетін бағдарламалау үшін пайдаланылады, сіз таңдайтын компоненттер әр түрлі пайдаланушы әрекеттеріне жауап береді (Сурет 3, 4).




Сурет 3 – Бір экраннан келесі экранға өту блогы



Сурет 4 – Экранға көпжолды мәтін орналастыру блогы


Тест тапсырмаларын әзірлеу үрдісін келесі суреттен байқауға болады (Сурет 5).



Сурет 5 – Тест тапсырмаларын әзірлеу

MIT App өнертапқышымен жұмыс істегендеге компьютер мен телефон арасында байланыстың орналасуын айта кетейік. Бұл байланысты QR қолдану арқылы орналастыруға бо-

лады. Ол үшін алдымен телефон жадына MIT AI2 Companion қосымшасын жүктеп аласыз. Кейін төмендегі суретке (Сурет 6) қарап алты таңбадан тұратын QR кодын телефонға енгізесіз.




Сурет 6 – Телефонға QR кодын енгізу


Осы байланыстың нәтижесінде онлайн программада орындалған нәтижені телефон экранында интерактивті орындалуын көріп отырамыз. Конструктордағы барлық өзгерістерді сол өзгерістер енгізілген уақытта бақылай аламыз. Бұл өте қолайлы.

### 3, 4 Нәтижелер мен талқылау

Жоғарыдағы әдістер мен материалдарды қолдану нәтижесінде «Ақпаратты қорғау негіздері» пәнінен студент пен мұғалім арасындағы ортақ электронды мобиЛЬДІ қосымша құрастырылды. Қазір цифрлық дамыған заман болғандықтан барлығы компьютер немесе ұялы телефон қөмегіне көп жүгінеді. Бағдарламаға аталған пән бойынша оқыту бағдарламасына сәйкес бір жылдық оқу жылының дәрістері, тесттер, гlosсарий және қосымша пайдалылар енгізілген. Бағдарламаны ұялы телефонына енгізу арқылы студенттер өз жұмыстарын жасайды. [4]. Бұл бағдарламаның артықшылығы – оны ешқандай флеш сақтағышқа жүктеп қажет емес, сондай-ақ ол ұялы телефонға тез жүктеледі және бағдарлама өлшемі де телефон жадында аз орын талап етеді. Бағдарламаның негізгі беттерін келесі суреттерден көруге болады (Сурет 7, 8).



Сурет 7 – МобиЛЬДІ қосымшаның алғашқы беті



Сурет 8 – Дәрістер беті

МобиЛЬДІ қосымшаны аяқтау нәтижесінде kniga.apk Android файлы құрылды. Ол файл ұялы телефонға жүктеліп, ондағы (настройки, безопасность, неизвестные источники) функцияларын орындау арқылы телефон экранына орнатылды. Енді мобиЛЬДІ қосымшаны өз мақсатыңызға қолдануға дайын болды.

## 5 Қорытынды

Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты веб-технологиялармен қатар мобиЛЬДІ қосымшалар өте қарқынды дамуда. Веб-бетке қарағанда мобиЛЬДІ қосымшалар арқылы ақпарат алу өте тиімді. Университетіздің студенттері үшін пән тура-лы ақпарат алуға және жаңалықтарды білу үшін мобиЛЬДІ қосымша таптырмас құрал. Бұндай ЖОО-ға арналған веб-беттер көп болғанымен, мобиЛЬДІ қосымшалар аз.

Қорытындылай келе, мобиЛЬДІ қосымшаларды жасау және оларды білім беруде өте тиімді әдіс екенін айту маңызды. Себебі, электронды қосымшаларды әр кез және тез қолдану нәтижесінде студентке оқыту материалдары қолжетімді болып тұрады. Осында мобиЛЬДІ қосымшаларды әзірлеу кез-келген білім берушіге қызындық тудырмайды және ешқандай арнайы білімді қажет етпейді. Қазір әртүрлі тілде білім беру дамып жатқандықтан аталған компьютерлік бағдарламаны қолданып, электронды интерактивті тестерді құрып, студенттерді емтихан тапсыруға әзірлеуге үлкен көмек ретінде қолдануға болады. Әсіреле, ағылшын тілін білмейтін студенттерге кәсіби түрде көмек жасауға болады. Интерактивті оқыту материалдарын телефонда қолданып студент өзіне қажетті білімді кез-келген жерде ала алады. Тіпті көліктің ішінде отырып немесе далада ашық ауда отырып та білім жинауға болады. Себебі телефонды өзімен алып жүру дербес компьютерді алып жүргүре қарағанда әлдеқайда ынғайлы әрі женіл.

Болашақта осындағы электронды оқыту құралдарын қолданып жүргүре арналған электронды мобиЛЬДІ қосымшалар көп болатынына сенеміз.

## Әдебиеттер тізімі

1 Ливенец М.А., Ярмахов Б.Б. Программирование мобильных приложений в MIT App Inventor: Практикум. – Академия мобильных приложений.

2 MIT App Inventor. Ресурсы [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://appinventor.mit.edu/explore/resources.html>.

3 Frederick G., Lal R. Beginning Smartphone Web Development: Building Javascript, CSS, HTML and Ajax-Based Applications for iPhone, Android, Palm Pre, Blackberry, Windows Mobile and Nokia S60. – Apress, 2010. – 350 р.

4 Моррисон М. Создание игр для мобильных телефонов. – М.: ДМК Пресс, 2006. – 494 с.

5 Виноградов А. Программируем игры для мобильных телефонов. – М. –Триумф, 2007. – 272 с.

*Материал редакцияга тусти: 10.12.2019*

**ЕРСУЛТАНОВА, З.С., БАЙБОСЫНОВА А.Б.**

**РАЗРАБОТКА МОБИЛЬНОГО ПРИЛОЖЕНИЯ ДЛЯ ПРИМЕНЕНИЯ В ОБРАЗОВАНИИ**

Целью статьи является объяснение, как современные мобильные технологии быстро получают доступ к образованию и как применение мобильных приложений становится более эффективными. Так же продемонстрировать основы использования компьютерной программы для создания мобильных приложений в образовании.

**Ключевые слова:** электронное устройство, мобильный телефон, *Android*, экран, блоки, интернет.

**YERSULTANOVA, Z. S., BAIBOSYNOVA, A.B.**

**DEVELOPMENT OF A MOBILE APPLICATION FOR USING IN EDUCATION**

The purpose of the article is to explain how modern mobile technologies quickly gain access to education and how the use of mobile applications becomes more effective. Also it aims to demonstrate the basics of using a computer program to create mobile applications in education.

**Key words:** electronic device, mobile phone, *Android*, screen, block, Internet.

ӘОЖ 372.862

**Ерсултанова, З.С.**

техникалық ғылымдар кандидаты,  
ИР және КТ кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры,  
Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ

**Сатмаганбетова, Ж.З.**

техникалық ғылымдар магистрі,  
багдарламалық қамтамасыз ету  
кафедрасының ага оқытушысы,  
А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ,

**Жиенбаева, А.А.**

техника және технология магистрі,  
ИР және КТ кафедрасының оқытушысы,  
Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ,  
Костанай, Қазақстан

**3D STUDIO MAX ОРТАСЫН ҮШ ӨЛШЕМДІ НЫСАНДАРДЫ  
ТОРЛЫ МОДЕЛЬДЕУ ҮШІН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ**

**Түйін**

Мақалада «торлы модельдеу», «торлы модель», «модификаторлар» үзгымдарының мағыналары айылады. *Editable Mesh*, *Editable Poly* типті нысандарды модельдеу ерекшеліктері қарастырылады, сондай-ақ 3D нысандарды масштабтау құралдарын пайдалану үлгісі көрсетіледі. *3Ds Max* үш өлшемді модельдеу ортасында примитивті нысанды – цилиндрді – өңдеу нәтижесінде шахмат пешкасының моделі құрыллатын торлы модельдеу мысалы көлтіріледі.

**Кілт сөздер:** *3Ds Max* ортасы, торлы модельдеу, нысандар, *Editable Mesh*, *Editable Poly*.

**1 Кіріспе**

Бүгінгі күні үшөлшемді графика өміріміздің ажырамас бөлшегіне айналды. Аталған технология жетістігі білім беру, медицина, ауыл шаруашылығы, архитектура, дизайн, робототехника, кинематография, т.б. салаларда кеңінен қолданылады. Сәйкесінше, қазіргі уақытта 3D технологияларын жетік менгерген мамандар сұранысқа ие. Осыған орай, болашақ информатика пәнінің мұғалімдерін оқытуда 3D модельдеуді үйретудің маңыздылығы өте жоғары.

Қазіргі уақытта үшөлшемді объектілерді модельдеу үшін қолданылатын бағдарламалар өте көп. Солардың ішіндегі ең танымалы Autodesk 3Ds Max ортасы болып табылады.


Autodesk 3Ds Max – бұл үшөлшемді графикаға арналған ең қуатты, функционалды және әмбебап графикалық қосымша. 3Ds Max үшін көптеген қосалқы плагиндер шығарылып, дайын 3D модельдер жасалған. Сонымен қатар, бұл бағдарлама компьютерлік графиканы үйренуді бастау үшін тиімді бағдарламалардың қатарына кіреді [1].

Бағдарламаның негізгі функциясы – 3D графиканы құру және оны пішімдеу. Қалған опциялар жасалған нысандарды толықтыруға және оларды нақты көрініске келтіруге арналған. Бағдарлама көптеген түрлі модификаторлармен, модельдермен жұмыс істеуге арналған құралдармен жабдықталған. 3Ds Max үш өлшемді нысандарды модельдеудің келесі түрлерін ұсынады: торлы (полигональды) модельдеу, примитивтерге негізделген, спринтерге негізделген, NURBS қисықтарына негізделген, Безье беттеріне негізделген модельдеу [2]. Бұл мақалада полигональды модельдеу түрі қарастырылатын болады.

## 2 Материалдар мен әдістер

Торлы модельдеу – 3D-модельдеудің ең кең тараған түрі, ол көптеген үшөлшемді модельдеу пакеттерінде кездеседі. Түрлі құрылымды модельдерді жасау үшін қолданылуы мүмкін.

Торлы модельдер – 3Ds Max-та жұмыс жасау кезінде кездесетін негізгі модельдердің бірі. Кез-келген нысанды торлы модель түрінде ұсынылады, содан кейін арнайы редакциялау құралдарын қолданғаннан кейін кез-келген басқа пішінге айналады. Мысалы, ChamferBox типті нысанды құрып, оны торлы модельге түрлендіруге болады, содан кейін өндеу құралдарын қолдана отырып ол нысанды торай модельне айналдыру мүмкіндігі бар (Сурет 1).



Сурет 1 – ChamferBox типті нысандан жасалған торай модель

3Ds Max ортасында торлы модельдердің екі типімен жұмыс жасауға болады: үшбұрышты қырлары бар және полигондар:

✓ үшбұрышты қырлары бар нысандар Edit Mesh (өнделетін тор) модификаторы немесе нысанды Editable Mesh (өнделетін тор) түрлендіру арқылы жасалады. Олардың құрылымдық элементтері (немесе қосалқы объектілері) Vertex (шыңы), Edge (қабырға), Face (қыры), Polygon (Полигон) және Element (Элемент) болып табылады. Егер модификаторлар стегінде осындай нысанның құрылымын ашып, Face жолын таңдасаңыз, онда объектіде үшбұрышты қырлар белгіленеді;

✓ полигонды объектілер Edit Poly модификаторы (өнделетін полигонды бет) немесе объектіні Editable Poly (өнделетін полигонды бет) түрлендіру арқылы жасалады. Олардың құрылымдық элементтері Vertex, Edge, Border (Шекара), Polygon және Element. Егер мұндай нысанның құрылымын ашып, Polygon жолын таңдасаңыз, онда объектіде көп жақтары бар полигондар белінуі мүмкін.

Edit Mesh типті нысандар бағдарламаның ерте нұсқасынан бастап қолдау тапты. Содан кейін бірқатар артықшылықтарға ие Edit Poly типті объектілер енгізілді. Сондықтан оларды нысандарды торлы модельдеуде пайдалану ұсынылады.

Торлы модельдерді тікелей Create терезесінен жасалмайды. Оларды нысанды Editable Mesh немесе Editable Poly етіп немесе объектіге тиісінше Edit Mesh немесе Edit Poly модификаторларын қолдану арқылы жасаған жөн. Editable Poly типін қолданудың Edit Poly модификаторынан негізгі айырмашылығы соңғы жағдайда объект модельнің құрудың параметрлік сипаты сақталады. Мысалы, Егер біз ChamferBox типті нысанды жасап, одан кейін оған Edit Poly модификаторын қолдансақ, одан әрі бастапқы үлгіге қайта оралуға және оның параметрлерін өзгертуге болады, алайда бұл әрекеттерді жасау нысанды Editable Poly типіне түрлендірген жағдайда мүмкін болмайды [3].

Кез келген параметрлік үш өлшемді нысан Editable Mesh (өнделетін тор) немесе Editable Poly (өнделетін полисетка) түріндегі нысанға айналуы мүмкін. Мұндай объект параметрлік болуын тоқтатады және келешекте тор ретінде, яғни шындар, қабырғалар, қырлар мен полигондар деңгейінде түрлендіріледі.


